

"Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту" жобасының объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 маусымдағы N 547 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес және Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту объектілерін салудың аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мынадай құрамда Мемлекеттік қабылдау комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) құрылсын:

- | | |
|------------------------|---|
| Қиынов | - Қазақстан Республикасының Энергетика және |
| Ләззат Кетебайұлы | минералдық ресурстар вице-министрі, төраға |
| Құлекеев | - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" |
| Жақсыбек Әбдірахметұлы | акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті, төрағаның орынбасары |
| Масаюки Сайто | - "JGC" корпорациясының Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту жобасы жөніндегі менеджері, төрағаның орынбасары |
| Нұрғалиев | - Қазақстан Республикасы Индустрия және |
| Мирхат Әзітайұлы | сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті сәулет-құрылыс бақылау және инспекциялау басқармасының бастығы |
| Мерәлиев | - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" |
| Садуақас Аташұлы | акционерлік қоғамының мұнай өңдеу және мұнай-химия жөніндегі басқарушы директоры |
| Маханов | - Қазақстан Республикасы Энергетика және |
| Бақыт Әбділдаұлы | минералдық ресурстар министрлігі Мұнай өнеркәсібі департаментінің бөлім бастығы |
| Шанкиева | - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны |
| Құралай Қабдабайқызы | қорғау министрлігінің Атырау аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы бастығының орынбасары |
| Жұмағалиев | - Атырау облысының Мемлекеттік |
| Амантай Төлегенұлы | санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті директорының орынбасары |

Дүйсекенов - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
Нұрслям Рахымұлы министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы
мемлекеттік бақылау және қадағалау
комитетінің басқарма бастығы

Аманбаев - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Саламат Ермұханұлы Салық комитетінің N 1 Өңіраралық салық
комитеті төрағасының орынбасары

Байтазиев - "Атырау мұнай өңдеу зауыты" жауапкершілігі
Талғат Алтыбайұлы шектеулі серіктестігінің бас директоры

Юкио Ниихо - "Марубени" корпорациясының бас менеджері

2. Комиссияның жұмысы тапсырыс беруші объектілердің комиссияға ұсынуға дайындығы туралы ресми хабарлағаннан кейін бес күннен кешіктірмей басталсын.

3. Комиссия "Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту" жобасының объектілерін пайдалануға қабылдау актісін Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне бекітуге ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі